

**ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМ. Л.Н.ГУМИЛЕВА
ФАКУЛЬТЕТ ЖУРНАЛИСТИКИ И ПОЛИТОЛОГИИ
КАФЕДРА ПОЛИТОЛОГИИ**



**ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ САЯСИ
ҮДЕРІСТЕР: ПРОБЛЕМАЛАРЫ МЕН
ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ**

**VII-Халықаралық ғылыми-практикалық
конференция материалдары
13 сәуір 2017 ж.**

**СОЦИАЛЬНО – ПОЛИТИЧЕСКИЕ ПРОЦЕССЫ:
ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ
Материалы VII- Международной научно-
практической конференции
13 апреля 2017 г**

Астана, 2017

УДК 327(063)
ББК 66.4 (0)
С 69

Редакционная коллегия:

Доктор политических наук, профессор **Р.А. Нургазина**, Казахстан
Доктор политических наук, профессор **Е.В.Матвеева**, Россия
Кандидат философских наук, доцент **М.Я.Мацевич**,
Республика Беларусь

С 69 Социально-политические процессы: проблемы и перспективы.

Сборник материалов VII Международной научно-практической конференции. (13 апреля 2017 г) – Астана, ЕНУ им.Л.Н.Гумилева.

ISBN 978-601-301-957-4

Сборник материалов международной научно-практической конференции содержит тезисы докладов преподавателей, докторантов PhD, магистрантов в области политических наук. Основная тематическая направленность дискуссионных вопросов отражает аспекты реализации социальной политики государства в условиях глобализации, особенности стратегического приоритета модернизации общества в вопросах человеческого капитала и новые форматы социально-коммуникативных и инновационных процессов.

В докладах сохранен авторский стиль. Материалы сборника предназначены для широкого круга научной и научно-педагогической общественности, могут быть использованы в теории и практике прикладной политологии и международных отношений.

Ответственность за аутентичность и точность цитат, имен, названий и иных сведений, а также за соблюдение закона об интеллектуальной собственности несут авторы публикаций.

ISBN 978-601-301-957-4

УДК 327(063)

частного бизнеса и институтов гражданского общества в обеспечении путей устойчивого развития на базе инноваций и последовательной модернизации, стимулирующей на основе производительности труда качественный экономический рост.

Литература

1. Барбашин, А.И. Экономика сельского хозяйства: курс лекций / А.И. Барбашин. 2-е изд. Курск: Изд-во КГСХА, 2002. 278 с.
2. Добрынин, В.А. Экономическая эффективность сельскохозяйственного производства в условиях перехода к рыночным отношениям. - М.: МСХА, 1994
3. Минасов, М. Обеспечение устойчивого воспроизводства в АПК/ М.Минасов // АПК: экономика, управление. 2002. №10.
4. Недилько, Л.А. Эффективность использования земель сельскохозяйственного назначения: понятие, содержание, показатели / Л.А. Недилько, Е.Г. Мещанинова // Вестник Южно-Российского государственного технического университета (Новочеркасского политехнического института). Серия: Социально-экономические науки. 2015. № 5. С. 55-61.
5. Эпштейн, Д.Н. Влияние численности работников на эффективности производства в крупных сельскохозяйственных предприятиях / Д.Н. Эпштейн // Экономика сельскохозяйственных и перерабатывающих предприятий. 2001. №1.

ӘОЖ 323. 1

*Пұсырманов Н.С.,
Л. Гумилев ат. ЕҰУ докторанты,
Рыстина И. С
доцент, м.а., Ph.D
Астана қ., Қазақстан*

ҰЛТТЫҚ НЕМЕСЕ ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ИДЕЯ? ОЛАРДЫҢ САЯСИ КОНТЕКСТЕГІ МӘНІ

Annotation. The article deals with the essence of the national and national idea in the political context and, through the prism of modernity, reveals the fundamentals of the theory of research on the problems of the national idea.

Keywords: national ideanationwide idea, identity, «Eternal Nation».

Қазіргі таңда «ұлттық идея» генезисін ашуда посткеңестік зерттеушілер, оның ішінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері, отандық ізденуші-ғалымдардың саяси зерттеулерінің мазмұнын үш бағытқа анықтауға болады:

- бірінші бағыт – «идея» мәнін ашуға саяси-философиялық ізденістер бойынша;

- екінші бағыт – «идеология» ілімі аясында «ұлттық идея» анықтамасын тарқату;

- үшінші бағыт – «ұлтшылдық» саяси-философиялық феномені ретінде қарастырылады.

Әлемдік саяси ғылымдар (Political Science) теориясында бүгінгі күні «ұлттық идея (national idea) ұғымын қолдану тоталитарлық жүйеден арылған кеңестік кезеңнен кейінгі елдерге тән. Саяси ғылымда «ұлттық идея» категориясы жоқ екендігі белгілі. Осы ретте, постколониальды теория өкілдері өз ұстанымдарында адамзаттың дамуы сатысында коллониялық кезеңнен кейінгі елдерде мәдениет және руханияттың қайта жандануы, өрлеуі ретінде қарастыруды орнықтырған. Мүмкін, «ұлттық идея» немесе «ұлттың идеясын» тәуелсіздік аңсау, бостандыққа жетудегі халықтық сезімдері, өз-өзінің рухын арттыру мен әлемдік қауымдастықтағы орнын белгілеу факторларымен байланыстыруға да болатын шығар. Алайда, дамыған шет елдердің тәжірибесінде кешенді түрде «ұлттық идея» «бірегейлік» (national identity) ұғымы аясында пайымдалады. Оның өзіндік себебі де бар. Дамыған шет елдерде этностан «ұлтқа айналу», ұлт ретінде тұтастануы жаңа заман, қазіргі заманның алғашқы кезеңімен байланыстылығы, осы бір көрінісі. Осылайша, ұлт ретінде тұтастануда дамыған шет елдер тиімді ұлттық идеяларын қолдана отырып, бүгінге дейін сол ұлтты топтастырған идеялары әлі де болса өзектілігін сақтап отыр. Екіншіден, ұлт үстілік кезеңге өту сатысымен сипат алған дамыған ел тәжірибелері жаңаша «бірегейлік» терминімен жаһандық бірігуді жүзеге асыруда (ЕуроОдақ).

Қазіргі күні ұлттық идея тек бір ұлттың өзегімен шектелмей, тұтас қоғамның ортақ мақсат-мұратын бейнелейді. Осы сипатқа ие болудың өзі ұлттық идея да жаһандық сипат алды деуге негіз бар.

XVIII ғасырдағы Орталық Азия аймағындағы хандықтардың табиғи-жаратылыстық ұлттық тұтастануды өткеруде бодандықтың ықпалы ұлт процесін тежеп қана емес, тарихи дамуда да өркениеттер қақтығысын туындатты. Посткеңестік кезеңдегі тәуелсіз

мемлекеттердің алғашқы саяси-идеялық қадамдары «ұлттық идеяны іздеу, анықтау» мәселесін күшейтудің бір себебі осында жатыр.

«Ұлттық идея – халықты топтастыратын, біріктіретін, өз елі үшін мақтанышқа бөлейтін асқақ рух болып табылады. Сондықтан Отан үшін, ұлты, халқы үшін ғажап ерлік көрсетіп, идея үшін өзін-өзі құрбан етуге дейін барады. Ал саяси идеология болса, белгілі бір әлеуметтік топ мүддесін білдіретін көзқарастарды жалпы жұртшылық санасына сіңірудің құралы іспетті. Кейде мұндай саяси идеялар салдары өте қатерлі болып саналады. Мысалы: фашистік идеология. Сондай-ақ, бұрынғы КСРО халықтарын бұлдыр идеяға сенуге уағыздап, шын мәнінде, тоталитарлық жүйені сақтауды көздеген коммунистік идеологияның да зардаптары көп болды. Сондықтан демократиялы және зайырлы мемлекеттерде топтық саяси идеологияның мемлекеттік саясатқа айналуына жол берілмеді»[1, 231б].

Екі мыңнан аса саясаттану, жаһандану, әлеуметтану, мәдениеттану салаларының терминдері мен анықтамалары енгізілген 2007 жылғы саяси түсіндірме сөздікте ұлттық идея – ұлттың сол тарихи кезеңде өзін-өзі тануынан көрініс табатын ұлттық санада басымдыққа ие көзқарастар. Зерттеушілер бұл ұғымның екі қырына баса маңыз береді. Бір жағынан, қауымдастықтың өзін-өзі ұлт деп танып, түйсінуі, екінші жағынан оның ерекше тарихи адамдар қауымдастығы ретіндегі өз көзқарастары, ұстанымдары, құндылықтары жайлы жалпы әлемге жар салуы [2, 567б].

Тәуелсіздігіміздің ширек ғасыр кезеңінде ұлттық идея аясында кешенді жұмыстар жүргізілді және жалғасып келеді. Солардың қатарында, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетіне қарасты «Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы» АҚ-ның www.nauka.kz ресми сайт негізінде анықталған іріктеме бойынша қазіргі күнге дейін ұлттық идея төңірегінде түрлі салаларда 8 зерттеу диссертациясы, 32 іргелі ғылыми жоба есептері, оның ішінде аралық және қорытынды мәліметтері бар.


Отандық ізденушілермен орындалған 8 диссертацияның ішінде:

– саяси ғылым бағыты бойынша – 3 диссертациялық жұмыстың екеуі қазақ, біреуі орыс тілдерінде орындалған (2-кандидаттық диссертация, 2001 жылы қазақ тілінде «Қазақстан Республикасының жалпыұлттық идеяны қалыптастырудағы мемлекеттік саясаты» (С.Ш. Мұсатаев), 2010 жылы орыс тілінде «Ұлттық идея Қазақстан Республикасының ұлттық саясатының факторы ретінде»: саяси

талдау (С.О. Телеуова); 1-докторлық диссертация қазақ тілінде, «Қазақстан Республикасындағы ұлттық идеяның қалыптасуы» (саясаттанушылық талдау) (Ә.С. Қайдарова);

– филология бағыты бойынша – 3 диссертациялық жұмыс қазақ тілінде іске асырылған (1-филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін «Қазақ поэзиясындағы ұлттық идеяның көркемдік бейнеленуі» атты тақырыпта 2001 жылы (Ш.Ж. Амантай); 2-кандидаттық диссертация, 2008 жылы «Қазақ прозасындағы ұлттық идея және кейіпкер болмысы (1960-1980 жж.)» (Құрманова Ж.С.) және 2010 жылы «Мархабат Байғұт прозасындағы ұлттық идея және кейіпкер әлемі» (С.Ш. Құланова);

– философия ғылымында - 2 кандидаттық диссертация қазақ тілінде тұжырымдалған (екеуі де 2010 жылы «Спорттың ұлттық идеяны қалыптастырушылық қызметі» (М.И. Танжаров), «Қазақстандағы ұлттық идеяның рухани-құндылықтар жүйесі» (Б.К. Төлепбергенов).




1-кесте. Ұлттық идеяға қатысты орындалған диссертациялық жұмыстар көрсеткіші (тілдік және бағыты бойынша)

1-кестеден ұлттық идея мәселесіне диссертациялық жұмыстардың мемлекеттік тілдегі басымдығын мемлекет құраушы ұлттың ана тілімен және орындаушылар қатарында тегі тұрғысынан өзге этнос өкіліне жататын зерттеушілер болмағандығымен де байланыстыруға болады. Сондай-ақ, ұлттық идея элементтерінің бірін мемлекеттік тіл факторы құрайтынын да атап өту қажет.

Іргелі ғылыми жобалардың ішінде, 2004 жылы – 1 жоба «Ұлттық идея және жаһандану жағдайындағы Қазақстан дамуының тұрақтылығы мәселелері» (Жауапты ұйым – Философия және саясаттану институты (осы мерзімдегі атауы), жетекшісі – Ә.Н. Нысанбаев), атты тақырыпта іске асырылған, мемлекеттік тіркеу нөмері 2003 жылға тиесілі, осыған байланысты 2003 жылы орындалған іргелі ғылыми жоба есебі болып табылады.

Осы жоба елімізде алғашқы мемлекеттік тіркелгендігімен қатар, негізгі үш блокта ғылыми тұжырымдауымен (әлеуметтік-философиялық; саяси; Қазақстанның даму тұрақтылығы жүйесіндегі жалпыұлттық идеяның этносаралық проблемаларының теориялық және практикасы) құнды екендігін атап өту маңызды. Қалған 31 ғылыми жоба 2007-2009 жылдар аралығында жүргізілген. Оның ішінде төмендегі 2-кестеде көрсетілгендей, тарих бағытында – 8; тіл, әдебиет және өнер саласында – 7, саяси ғылым аясында – 12, білім контекстінде – 1, философия – 2, заң ғылымы шеңберінде – 1[3].



2-кесте. «Ұлттық идея – Қазақстанның тұрақты даму негізі» атты 2007-2009 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама шеңберінде орындалған іргелі ғылыми жобалар (2007-2009 жж.)

Зерттеуші Ф.М. Шамшиденова ұлттық идеяның этникалық тамыры тереңде жатқандығын көрсете отырып, Еуропалықтар оны Реформация кезеңіндегі Мартин Лютер кезінде қалыптасты және француз ағартуы тұсында аяқталды деп есептейді. Ұлтшылдық азаматтық автономияны, территорияның және тарихи біркелкіліктің

болуын талап етеді. Бұлардың бәрі бірге этникалық туыстық ретінде ұлттық идеологияның негізін құрайтын ұлттың басты ерекшелігін анықтайды» [4, 127б].

Өз кезегінде, ұлттық идеяның бүгінде қажеттілігін жоққа шығаратын ғалымдар қатарында Ресейдің саясаттанушысы А. Куртов, тарихшысы В. Кожинов т.б. атап көрсетуге болады. А. Куртов «ұлттық идеяның қажеттігі міндетті еместігін алға тартса», В. Кожинов «біздің тарихта ұлттық идеяны табудың өте қиындығын пайымдайды» [5, 32б].

Отандық ғалымдар Ә. Нысанбаев пен Р. Қадыржанов «Қазақстандағы ұлттық идея: азаматтық пе әлде этникалық па? деген сауалдарға жауап іздеп, «ұлттық, немесе бізбен белгілі бір мәнде қолданылатын термин «жалпыұлттық» идея мемлекет тәуелсіздігі мен қауіпсіздігін нығайту, қоғам дамуының әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығы, Қазақстан халқын топтастыруға бағытталған құндылықтар мен дүниетанымдық сипаттағы идеалдар, бағыт кешенін қамтиды», - деп тұжырымдайды [6].

Осы мәнде зерделеуде Қазақстан халқы тұтастығы аясында жалпыұлттық термин алдыға шығады. Алайда, оның ұлттық идеядан айырмашылығы жалпылық күйде қолданылуында болып табылады.

Тарихтан белгілі мемлекет болу үшін туыстық қауымдастықтан азаматтық қауымдастыққа өту қажет. Белгілі бір мемлекет болғанда сол мемлекеттің азаматы деген атқа ие болады. Сөйтіп туыстық санадан жоғары мемлекеттік сана, яғни азаматтық сана қалыптасады. Мемлекетте өмір сүріп жатқан халықты біріктіретін күш-қуат болу керек, жаңа пассионарлық энергия қажет болды, оның аты – азаматтық [7, 65б].

Азаматтық қоғам қалыптастыруының қазіргі жағдайында оның көпқырлы мүдделері мен бағытталған маңызды постулаттары қоғамның базалық құндылықтары келісімі мен ұлттық идеяның басты қағидаттарының негізі ретінде – мемлекеттік идея стратегиясы болып табылады және жалпыұлттық идея бүгінде Қазақстан халқын топтастыруға бағытталған қоғамдық құндылықтар мен идеалдар кешені бағдарын ұсынады. Ұлттық идея көпверторлығы – мемлекет тәуелсіздігі мен ұлттық қауіпсіздікті нығайту, әлеуметтік-экономикалық дамуыдың тұрақтылығын құрайды. Осы еңбекте ұлттық идеяны іздеу мен әзірлеу қажеттігін бекіту туралы Қазақстан ұлттық идея этномәдени форма және азаматтық синтез жолын құрайды [8, 4-5б].

Орыс тілінің түсіндірме сөздігінде «жалпыұлттық» терминіне мынадай анықтама берілген: 1) ортақ, барлық ұлт үшін тұтас; барлық қатысушы ұлт үшін; 2) барлық ұлтты, қатысушы ұлтты қамтуы; 3) барлық ұлттарға тиесілілігі [9]. Ағылшын тіліндегі wikipedia желісінде жалпыұлттық «ұлттық масштабта» дегенге саяды [10]. Демек, кең түрде жалпыұлттық идея ұлттық масштабты құрайды және тиісті қоғамға ортақтығымен сипатталады.

Отандық зерттеуші С. Телеуова өз еңбегінде ұлттық және жалпыұлттық идеяға мынадай анықтама береді: «этностың ұлттық идеясы (этноұлттық идея) – этнос жүйесінің өзін сәйкестендіру нәтижесінде қалыптасқан, қосылған құндылықтарды көрсетете отырып, өзіне және қоршаған әлемге қатынасын құруда этномәдени өсім мен жекелік бағытты анықтайды.

Халықтың ұлттық идеясы (жалпыұлттық идея) – халықтың мемлекет жүйесінде анықталған өзін сәйкестендіру нәтижесінде қалыптасқан, қосылған құндылықтарды көрсететін және өзіне және қоршаған әлемге қатынасын құруда мемлекеттік даму мен азаматтық бағытын анықтайды», - деп тұжырымдайды [11, 11б].

Осы тұжырымға сәйкес ұлттық идея әр этностың табиғатында болуы мүмкіндігін жоққа шығармаймыз, алайда, қазіргі Қазақстан тұрғысында тұтас Қазақстан халқы шеңберінде қарастырылуы қажеттігін орынды санаймыз.

Зерттеуші Г.К. Ахметованың «Қазақстандық ғалымдардың барлығы «ұлттық идея» түсінігі анықтамасымен шұғылданып жатыр. Бір мәселе түсінікті, ұлттық идея әр азамат үшін қарапайым және түсінікті қалыптастырылуы керек.

Өз мемлекетінің дамуына өз үлестерін қосуға мүмкіндік беру, өздерінің қоғамның тұтас бөлігіндей сезінуге және әр адамның даму бағыттарын жинақтау, ұлттық идея қоғамды топтастырушы идея ретінде біріктіруі тиістігін жазса [12, 5б], М. Қалиева «ұлттық идея көпэтносты қоғамның этникалық топтасуын білдіреді», деп пікір қосады [13, 9б].

Бізге экономикалық, ұйымдастырушылық, кадрлық бағытты еңсеру ғана емес, қоғамды топтастыруды қамтамасыз ету қажет. Бұл жерде біздің қызметіміздің идеялық мәнін түсіну, жақын уақытқа есептелген, сол сияқты жеке перспективаларды өткізу мүмкін еместігін нақтылап көрсетеді, Елбасы Н. Назарбаев [14, 14б].

Ұлт болуы үшін ұлттық идея қажет. Ал, ұлттық идея ұлттың ортақ тарихы мен топтасқан қоғам табиғатынан туындайды. Бұл

ретте, ортақ арман, тұтас мақсат-мұрат, шынайы бірігу сезімі, тұрақты топтасу ниеті әрбір адамның саяси санасында орнығып қана емес, саяси болмысы мен саяси процеске қатысуынан көрініс табуы керек.

Полиэтносты және поликонфессиялы Қазақстан қоғамы өз дамуында «жалпыұлттық» терминін орнықтырып келеді. Бұл, өзара түсіністік пен бұқаралық сана моделін арттыруға оң ықпал ететіндігін ешкім жоққа шығара алмайды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 147 Жарлығымен бекітілген Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасы және Қазақстан халқы Ассамблеясының құжаттарында, сонымен бірге өзге де Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығы), Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасында (Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 11 қаңтардағы № 168 Жарлығы) «Мәңгілік Ел» идеясы жалпыұлттық патриоттық идея ретінде баяндалады. Оның өзіндік себептері де бар.

Қорытындылай келе, Қазақстан қоғамының жаһандық сын-қатердің тегеуіріне тиісті жауап қалыптастыру және өзара ықпалдастықта дамуы үшін ортақ мақсатқа бірігудің жолы жалпыұлттық идеяны түсінікті әрі тиісті қолдануы болып табылады. Жалпыұлттық идея қоғамға ортақ ұлттық идея.

Пайдаланған әдебиеттер

1. «Қазақстан» ұлттық энциклопедия/Бас ред. Ә.Нысанбаев. - Алматы: «Қазақстан энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2002, - 720 б. 4-том, Ж-К.
2. Саяси түсіндірме сөздік.- Алматы, 2007. – 616 бет.
3. Қазақстан Республикасының ұлттық ғылыми порталы. Интернет ресурс // www.nauka.kz.
4. Шамшиденова Ф.М. «Жоғары оқу орындарында тарихты оқыту арқылы ұлттық идеяны қалыптастыру бағыттары». «Об образовании в свете реализации национальной идеи Республики Казахстан/ Под ред. Т.А. Кожамкулова, Г.К. Ахметовой. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 150 с.
5. Ахметова Л., Шорохов Д., Баранова Д., Веревкин А., Лифанова Т., Пухович Л., Султанбаева Г., Национальная идея Казахстана: пути решения проблем. - Алматы, 2009. -235 с.

6. Нысанбаев Ә., Кадыржанов Р., «Национальная идея гражданская или этническая» // 01:37 25.12.2006 (<http://www.centrasia.ru/>)
7. Ғ. Есім. Қазақ философиясының тарихы, -Алматы, 2006. -216 бет.
8. Общенациональная идея – как основа модернизации современного Казахстана (опыт политологического анализа) Астана: ИД «Сарыарқа», 2009. – 210 с.
9. Толковый словарь русского языка (<http://www.vedu.ru/expdic/79324/>)
10. Nationwide - Wikipedia(<https://en.wikipedia.org/wiki/Nationwide>).
11. Телеуова С.О., «Национальная идея как фактор национальной политики Республики Казахстан: политологический анализ. Диссертация на соискание ученой степени кандидата политических наук, Астана, 2010. – 125 стр.
12. Ахметова Г.К., Реализация национальтной идеи Республики Казахстан в законе РК «Об образовании», «Об образовании в свете реализации национальной идеи Республики Казахстан/ Под ред. Т.А. Кожамкулова, Г.К. Ахметовой. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 150 с.
13. Калиева М.Ш. Идејная консолидация общества в процессе политической модернизации Республики Казахстан. Диссертация на соискание ученой степени д.п.н.:23.00, .02.- Астана.2009. – 262с.
14. Назарбаев Н. Идејная консолидация общества – как условие прогресса Казахстана. – Алматы: ФПИ «Казахстан XXI в».1993. – 32 стр.

УДК 325.1

*Токтушаков А.Е.
докторант PhD
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева
г. Астана, Республика Казахстан*

*Научный руководитель доктор политических наук,
профессор Нуртазина Р.А.*

МИГРАЦИОННАЯ ПОЛИТИКА КАЗАХСТАНА В КОНТЕКСТЕ РЕГУЛИРОВАНИЯ ТРУДОВОЙ МИГРАЦИИ

Annotation

This article explores the main directions of the migration policy of Kazakhstan, taking into account the needs of the country's socio-economic development. The migration policy on attracting a highly qualified foreign labor force has been analyzed, as well as the policy of regulating illegal labor migration.

The main causes and factors contributing to the activation of labor migration have been identified. The main suppliers of labor migrants in Kazakhstan have been identified and their employment spheres have been